

УДК.811.512.161

ТҮРКІ ЖӘНЕ КОРЕЙ-ЖАПОН ТІЛДЕРІНДЕГІ ОРТАҚ ОТБАСЫЛЫҚ АТАУЛАР

Кудайбергенов Ерасыл Елдосулы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, түркітану кафедрасы, 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ескеева Мағрипа Қайнарбайқызы

Корей және жапон тілдерінің алтайлық тілдермен туыстық байланысы мәселесі алтаистика саласында пікірталас тудырып келе жатқан даулы мәселелердің бірі саналады.

Г.И.Рамстедт, Н.Поппе, Е.Д.Поливанов, С.Э.Мартин, К.Мэнгес, Дж.Стрит, С.Р.Рамзой, С.Розен, А.А.Холодович, В.И.Цинциус, Ю.Н.Мазур, Т.Г.Бугаева, С.А.Старостин, Хаттори Сиро, Ли Ки Мун, В.Преле, Р.Миллер, Н.А.Сыромятников, Мураяма Ситиро, Одзава Сигэо секілді ғалымдардың XX ғасырдан бастап жасаған зерттеулердің нәтижесінде корей және жапон тілдері алтай тіл бірлестігінің мүшесі ретінде нақты статуска ие бола бастады. Өткен ғасырларда жан-жақты, әрі толық салыстырмалы зерттеулер әлі өткізмегенімен, қазіргі таңда жасалған талдаулар мен келтірілген дәйектемелер түркітанудың қарқынды дамуына үлкен үлес қосуда. Өткен ғасырда Алтай тілдері, яғни түркі, моңғол және маньчжур-тунгус тілдері арасында көптеген зерттеулер жүргізілді. Моңғол мен Корей, маньчжур-тунгус және корей тілдері арасында салыстырмалы зерттеулер таба аламыз. Алайда түркі және корей-жапон тілдерінің өзара байланысын нақтылауға ғылыми талпыныстар өте аз, дегенмен түркі тілі Алтай лингвистикасы үшін ең маңызды тіл болып табылады.

Түркі және корей, жапон тілдерінің арасында көптеген лексикалық ұқсастықтарды табуға болады. Олардың ішіне отбасылық атаулар да жатады. Кейбір атаулар толықтай үш топқа да сәйкес келеді, ал кейбір сөздер тек екі тілдің арасында ғана сақталған.

Корей және жапон тілдерінде сәйкестіктер бірден «отбасы» сөзінен басталады. Жапон тілінде отбасы мағынасында «казоку» сөзі қолданса, корей тілінде соған ұқсас «каджок» сөзі қолданылады.

Эвенкі, бурят, түркі, корей және жапон тілдерінің барлығында «үлкен және кіші бауырлар(аға/іні,апа/сіңлі)» түсінігі кездеседі. Бұндай ерекшелік моңғол тілінде жоқ.

Қазақ тілінде:

Аға-ұл немесе қыз бала қолданатын үлкен ұл балаға айтылатын сөз.

Кейбір жағдайларда жасы үлкен, немесе дәрежесі үлкен ер адамдарға айтылуы мүмкін.

Іні- ұл немесе қыз бала қолданатын кіші ұл балаға айтылатын сөз.

Әпке- ұл бала қолданатын үлкен қыз балаға айтылатын сөз.

Апа- қыз бала қолданатын үлкен қызға айтылатын сөз.

Сіңлі-қыз бала ғана қолданатын кіші қыз балаға айтылатын сөз.

Қарындас-ұл бала ғана қолданатын кіші қыз балаға айтылатын сөз.

Корей тілінде: Хён (형 [hyöng]) — ұл бала қолданатын үлкен ұл балаға айтылатын сөз. Бейресми жағдайларда кішінің тарапынан үлкен дәрежелі қызметкерге айтылуы мүмкін. Сөздің сонына «ним» (님) құрмет көрсету жұрнағы қосылуы мүмкін.

Оппа (오빠 [oppa]) — қыз бала қолданатын үлкен ұл балаға айтылатын сөз.

Онни (언니 [önni]) — қыз бала қолданатын үлкен қыз балаға айтылатын сөз.

Нуна (누나 [nuna]) — ұл бала қолданатын үлкен қыз балаға айтылатын сөз.

Орабони (오라버니 [oraboni]), — қыз бала қолданатын кіші немесе үлкен ұл балаға айтылатын сөз.

Жапон тілінде:

おねえさん (онээсан) - ұл немесе қыз бала қолданатын үлкен қыз балаға айтылатын сөз.

あね (анэ)- қыз бала қолданатын үлкен қыз балаға айтылатын сөз.

妹 имо:то- кіші қыз балаға айтылатын сөз.

弟 ото:то- кіші ұл балаға айтылатын сөз.

じっけい (дзиккэй)-біреудің туған ағасы.

じってい (дзиттэй)-біреудің туған інісі.

しゃてい (сятэй)-өзінің інісі туралы айтқанда.

おにいさん (онийсан),にいさん (нийсан)- өзінің ағасына айтылатын сөз.

Бурят тіліндегі аба «эке» сөзі корей тіліндегі аппа,абоджи «эке» сөзіне сәйкес келеді.

Ал «ана» сөзіне келетін болсақ, корей тілінде 엄마 [omma] «ана» және 어머니 [omoni] «анаға айтылған ресми, құрметті атау». Жапон тілінде де анаға айтылатын екі форма кездеседі,олар: 母 [haha] «ана» және お母さん [oka:san] «құрмет көрсету формасында қолданылатын ана сөзі».

Қазіргі түркі тілдерінде жапон тіліндегі формаларға ұқсас анаға қатысты айтылатын сөздер кездеспейді. Алайда, көне ұйғыр тілінде қолданылған «ана» сөзіне сәйкес мағынасы бар оғ лексемасы жапон тіліндегі ока сөзіне сәйкес келеді. Ока лексемасының бөлек алыну себебі, san жұрнағы көптеген есімдіктерге қосылатын жұрнақ болып табылады. Қазіргі таңда сақталған оғ лексемасының жалғыз мысалы, түрік тіліндегі oksuz «жетім» сөзі болып табылады.

Ал Корей тіліндегі «ана» мағынасындағы сөздерге келетін болсақ оларға қазіргі таңдағы көптеген тілдердегі мысалдарды келтіруге болады. Оларға Әзірбайжан тіліндегі «ана», Өзбек тіліндегі «она», Қазақ тіліндегі «ана» және т.б. жатады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Сыромятников Н. А. Древнеяпонский язык / Н.А. Сыромятников. 2-е изд. М.: Вост. лит., 2002.
2. Choi Han-Woo. A Comparative Study of Korean and Turkic // “International Journal of Central Asian Studies” – 1996. – V.1.
3. Choi Han-Woo. Evidences of the affinity of Korean and Turkic // “International Journal of Central Asian Studies” – 2005. – V.10.
4. Choi Han-Woo. On Some Evidences of the affinity of Turkic and Korean // “International Journal of Central Asian Studies” – 1997. – V.2.

5. Будаев Н.М. Лексические параллели японского и карачаево-балкарского языков. – Нальчик, 2007.
6. Бурыкин А.А. Позиция корейского языка в классификации отдельных групп алтайских языков и новые перспективы алтаистики. – Санкт-Петербург, 1997. 19-26 б.
7. Зарубин С.Ф., Рожецкий А.М. "Русско-японский словарь", - М., 1988.
8. Гочияева С.А., Суюнчев Х.Ю. "Карачаево-балкаро-русский словарь", - М., 1989.
9. Кадыраджиев К.С. Сравнительно-историческая грамматика японского и тюркских языков", Махачкала, 1999.
10. Азербает Э.Г. "Вопросы японско-тюркских языковых связей". Автореф. дис. канд. филол. наук, - М., 1982.